КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 29 сәуір №7119-24-00-2/4496 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің "№14 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – КММ)

ЖАУАПКЕР:

"postavshik" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "№14 мектеп-гимназия" КММ жауапкер "postavshik" ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"postavshik" ЖШС БСН 170640020059 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"postavshik" ЖШС БСН 170640020059 мемлекет пайдасына 4 619 (төрт мың алты жүз он тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 985 (бір мың тоғыз жүз сексен бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Документ подписан: Нурланов Б. К., 29.04.2024

Дата вступления в законную силу: 07.06.2024, судья Нурланов Б. К., 14.06.2024

7119-24-3-1/4012